

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 16-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1314 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.25. N 65 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.04.15 N 344 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкалары

Р/с N	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қалдық- тардың қауіп- тілік деңгейі	Базалық ставка, теңге	Шекті ставка, теңге
1	2	3	4	5	6

1	Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары ¹	ш а р т т ы тонна		582	2600
2	Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары:	пайдаланыл-ған отынның тоннасы (бұдан әрі - тонна)			
	этилденбеген бензин үшін			384	890
	дизель отыны үшін			523	1411
	сұйытылатын, сығыл-ған газ үшін			285	800
3	Ластаушы заттардың төгінділері:	ш а р т т ы тонна			
	су көздеріне ²			15654	35000
	жинақтауыштарға сүзу алаңдарына, жер бедеріне			1100	21000
4	Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар ³	тонна		227,5	770
5	Өнеркәсіптік қалдықтар				
	өндіріс пен тұтыну-дың қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастыру	тонна	"қызыл" тізім	8332	38500
			"янтарь" тізім	4166	19200
			"жасыл" тізім	1041,5	4800
			жіктел-мегендер	521	2500
	Бұдан басқа				
	аршынды жыныстар ⁴	тонна		2,8	10,7
	байыту шлактары, шламдары, қалдықтар ⁴			21,7	109,5
	күл мен күлшлактар ⁴			18,1	1536
ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтар			10,5	512	
6	Радиоактивті қалдықтар:	гигабеккерель			
				442,1	2060

	трансуранды қалдықтар			
	альфа-радиоактивті қалдықтар		221	1030
	бета-радиоактивті қалдықтар		22,1	103
	шынақты радиоактивті көздер		221	1030
7	Заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластаушы заттардың шығарындылары	шартты тонна	2600	61134,5

Е с к е р т п е :

1) ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

4 0,75 коэффициенті;

2) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларына:

энергия өндіруші ұйымдар;

табиғи монополия субъектілері үшін коммуналдық қызметтерді көрсеткен кезде түзілетін эмиссия көлемі үшін мынадай коэффициенттер енгізіледі

1 0,3 коэффициенті;

2 0,43 коэффициенті;

3 0,25 коэффициенті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін халықтан құрылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

3 0,2 коэффициенті;

4) кәсіпорындар төлемінің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн;

5) ескертпенің 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген жеңілдетілген коэффициенттерді қолдану қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтен тыс көлемі үшін төлемдерге қолданылмайды.

